

«Бекітемін:»

«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасы ЖПҚ

Меңгерушісі:



«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасының
2021-2022 оқу жылына арналған Меңгеруші
жанындағы кеңестің хаттамалары.

Шұбарсу елді мекені

2021-2022 оқу жылы

Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №1

02.09.2021 жыл

Қатысқаны-10

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі жастағы балаларға «Қатынас» білім беру саласы бойынша білімдерін жетілдіру.
2. Топтардағы күн тәртібіндегі бала денсаулығын нығайту іс шараларын қадағалау.
3. «Алтын күз» мерекесін қорытындылау.
4. Ата- аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштардағы қалташалардағы қағаздарды жаңарту.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Мектепке дейінгі жастағы балаларға «Қатынас» білім беру саласы бойынша білімдерін жетілдіру» бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ш. Қаныбекова бйылғы 2021-2022 жаңа оқу жылымен мамандарды құттықтап, оқу жылының алғашқы айынан бастап топтардағы балалардың жеке құжаттарымен оқу қызметіне арналған құжаттарының дайындығына тоқталып барлығын нақтылап айтып өтті. Ары қайр сөзді балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова алып жаңа оқу жылының жоспары бойынша және мектепке дейінгі тәрбиеленушілерге «Қатынас» білім беру саласы бойынша білімдерін жетілдіру мақсатында қазан айында әр топқа қойылатын ашық оқу қызметтерінің тақырыптарымен таныстырып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Топтардағы күн тәртібіндегі бала денсаулығын нығайту іс шаралары» бойынша күнделікті балаларды қабылдаудан кейін тұрақты таңғы жаттығу жасалынуын меңгеруші тарапынан қадағаланатындығын және оның күнделік қарауды балабақша мейірбикесі Ж.Лесбековаға жүктеді.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Алтын күз» мерекесін қорытындылау туралы балабақша меңгерушісі Р.Ш. Қаныбекова биылғы оқу жылындағы «Алтын күз» меркесін ерекше дайындықпен өткізген барлық топтардың

тәрбиешілеріне және осы іс шараны жоғары деңгейде өткізуге әдістемелік көмек берген балабақша әдіскері С.Б.Сейіткермоваға алғыс айтты.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Ата-аналар бұрыштарын және топтарға

арналған бұрыштардағы қалташалардағы қағаздарды жаңарту» бойынша барлық топ тәрбиешілеріне тапсырма берілді және оның орындалуын қадағалауды балабақша әдіскері С.Сейіткеримоваға жүктеді. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

Қаулы етті:

1.Қаралған барлық мәселелер қанағаттандырылсын және аталған мәселелерге жауапты мамандар тапсырмаларды дер кезінде орындасын.

Меңгеруші:

Хатшы:



Уәдәт Қайыпбергенова
С.Б.Сейіткеримов

Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №2

21.12.2021 жыл

Қатысқаны-10

Күн тәртібі

1. Көркем әдебиет арқылы баланың тілін таза сөйлеуге жаттықтыру.
2. Балалардың біліктілік деңгейінің аралық мониторингі туралы.
3. Қыс мезгіліндегі тұмаудың алдын алу туралы

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ш. Қаныбекова тәрбиеленушілердің тілдері анық болуы үшін топ тәрбиешілері мен психолог, әдіскерлерден балабақша бойынша таза сөйлеуге көмек қажет ететін балалардың тізімдерін анықтап одан ары олармен жеке жұмыс жасау керек екендігіне тоқталды. Тілдің қоғамдық, тәрбиелік мәні ерекше өйткені тілі адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы, тіл мәдениетін меңгеру адамның сәби шағынан басталып іске асатын нәрсе келе-келе бүлдіршіндеріміз балабақшада ауыз әдебиетінің үлгілерімен танысып бастайды, ал оларды рухани байыту әрбір тәрбиешінің міндеті болып табылады деді. Балабақшада арнайы кесте түзіп сол кесте бойынша психологпен тәрбиеші әдіскер бірлесіп жұмыс жасауды тапсырды. Сонымен бірге топтарда жас ерекшеліктерін және сөйлеу деңгейін ескере отырып көркем әдебиет арқылы жұмыс жүргізуді тапсырды.

2. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Балалардың біліктілік деңгейінің аралық мониторингі туралы» балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алып әрбір тәрбиешінің есебін жеке жеке тыңдады. Бес білім беру саласы бойынша топтардағы тәрбиеленушілердің білік деңгейінің орташа балы шығарлып, бастапқы деңгейге қарағанда білім сапасы едәуір атқандығын атап өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Қыс мезгіліндегі тұмаудың алдын алу» бойынша балабақша мейірбикесі Ж.Лесбекова барлық қызметкерлерге түсіндірме жұмысын жүргізді. Балабақша ішілік санитарлық талаптың яғни топтардың тазалығын тұмау жүру барысында топтарды режимге сәйкес кварцтау керектігін, жекебас гигиеналық тазалықты сақтауды балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

1.Қаралған барлық мәселелер қанағаттандырылсын және аталған мәселелерге жауапты мамандар тапсырмаларды дер кезінде орындасын.

Р.Ш.Каныбекова

Б.М. Сейткеримова



қаулы етті:

Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС
Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №3

22.02.2022 жыл

Қатысқаны-10

Күн тәртібі

1.4-5 жасар балалардың сөйлеу құзіреттілігін дамытудағы тәрбиешінің іс – әрекеті.

2.Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы туралы

3.Тамақтануды дұрыс ұйымдастыру сапасы туралы

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «4-5 жасар балалардың сөйлеу құзіреттілігін ойын арқылы дамытудағы тәрбиешінің іс – әрекеті» бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова мектеп жасына дейінгі кезеңдегі баланың сөйлеу үдерісінің дамуы психологтардың айтуы бойынша, бала қай тілде қарым – қатынас жасаса сол тіл шын мәнінде бала үшін ана тіліне айналады. Алдымен сөйлеудің дыбыстық жағы дамиды. Мектепке дейінгі кезеңнің соңында контексті сөйлеуге көшуге мүмкіндік болады. Бала тілдің грамматикалық жағын меңгеріп, үлкен сөздік қорын игереді. Ол оған оқып берген мәтінді қайталап айтып беруіне, суреттеменің мазмұнын баяндауға, айналасындағылармен көргенін, алған әсерін ұғыңқты тілмен жеткізуіне мүмкіндік береді. Жалпы мектепке дейінгі кезеңде үлкендерге тиісті ауызша сөйлеудің барлық түрін меңгереді. Монолог сөйлеу, әңгіме айту дағдысы қалыптасады. Ол үлкендерге көргенін жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар сол нәрсеге байланысты өз алған әсерін де жеткізе біледі. Бала алдағы әрекеттің жоспарын құрып, міндеттерін орындау тәсілін талқылайды, сөздердің жаңа формаларын қолдану, ашық түрде айту, осы кезеңдегі балалардың қарым – қатынасының жаңа міндеттеріне байланысты. Бала тілін дамыту үшін жұмбақ шешу, ертегі айту, тақпақ жаттаудың маңызы зор. Бала 5 жастан бастап, әңгіменің мазмұнын өз бетінше құрастырып, айтып бере алады, соның нәтижесінде диалогты және монологты сөздік қоры дамиды. Тілдік материалдар негізінде байланысты сөйлеу ішкі сөйлеумен тығыз байланыста болады. 5 жастағы балалардың ойы тілдің қозғалуымен еріннің жыбырлауы және өз ойын сыбырлап сөйлеу арқылы жүзеге асады. Өйткені адам өзінің ойының мазмұнын жақсы біледі. Балалар үшін ішкі сөйлеу өте қысқа және икемді болады. Тәрбиешінің жасайтын іс әрекеттері осы тұрғыда болуы керек деді.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы турал» бойынша балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова Мектеп жасына дейінгі балалардың жылдам дамитындығы байқалады. Баланың бойы өседі, салмағы, денесі өзгереді. Баланың жоғарғы жүйке жүйесінде үлкен өзгерістер болады. 5 жастағы баланың миы, ересек адамның миына ұқсайды.

Физиологиялық даму, баланың оқу үлгеріміне бірден-бір әсер етуші болып табылады. Баланың физиологиялық жағынан мектепке дайындығын, ағзаның негізгі функционалдық даму деңгейі мен оның жалпы денсаулығымен анықталады. Балабақшада баланың даму деңгейіне үлкен мән беріледі және баланың жеке даму картасы жүргізіледі Мектеп жасына дейінгі баланың физиологиялық жағынан дайындығын көрсететін негізгі көрсеткіштер:

Дене дамуының деңгейі, биологиялық дамуының деңгейі, денсаулық жағдайы. Мектеп жасына дейінгі баланың даму кестесі, денелік, тілдік, танымдық дамуы оқуға деген жақсы, визуалды ұмтылысы болады, көптеген жағдайда саусақтарын құрал ретінде қолданады, олақ, асығыс сияқты көрінеді, асығыстық 5 жастағылардың негізгі ерекшелігі,тез шаршайды, жиі ауырады, таза ауаны, спорт алаңда болғанды ұнатады, әлеуметтік, бірінші болғанды ұнатады, жарысқанды ұнатды,интузиазмға толы, мақтауды жақсы көреді, тілдік дамуы жұмыс жасағанды жақсы көреді,түсіндіргенді жақсы көреді, Айту және көрсету пайдалы, жиі арызданады, танымдық сұрақ қойғанды жақсы көреді, жаңа ойындар мен идеяларды жақсы көреді, бояғанды, сурет салғанды жақсы көреді;, танымдық дамуы, және оқуды жақсартады, Ойын арқылы оқыту беріктеу модель болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Ж.Лесбекова баланың дамуы мен өсуі дұрыс тамақтануға тікелей байланысты, балалар мәзірінде жануарлармен өсімдіктерден алынған өнімдер болуы керек. Өнімдерді дұрыс тандау оларды өндеудің тиісті әдісі баланың денесін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етедіде тағамдық қоспалардың қажеттігін жоятын болады. 1-3 жасқа дейінгі балаға оған күніне орта есеппен 53 гр ақуыз,53рг май, жәнен 212гр көмірсулар қажет, ал 3-6 жасқа дейінгі балаға күніне орта есеппен 68 гр ақуыз, 68рг май, жәнен 272гр көмірсулар қажетекендігін атап өтіп, дұрыс тамақтан баланың жан жақты дамуының негізгі қажеттілігін айта келе дұрыс тамақтануды одан ары ұйымдастыруды ұсынды. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңда келе төмендегіше

Қаулы етті:

1.Қаралған бірінші және екінші мәселелер қанағаттандырылсын және аталған мәселелерге жауапты мамандар тапсырмаларды дер кезінде орындасын.

2.Тамақтануды дұрыс ұйымдастыру сапасы күн тәртібінен түсірілмесін.

Меңгеруші Р.Н. Қаныбекова

Хатшы Б.М. Сейткеримова



Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №4

14.04.2022 жыл

Қатысқаны-10

Күн тәртібі

1. Мектеп жасына дейінгі балалады қоршаған ортамен таныстыруда инновациялық әдістерді қолдану.
2. Мектеп алды дайындық тобының тәрбиеленушілері арасында «Әжем айтқан ертегі» тақырыбында сауықтық бағдарламаның өткізілуі туралы.
3. Күн тәртібінің орындалуы туралы

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе, бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алды. Мектеп жасына дейінгі балалады қоршаған ортамен таныстыруда инновациялық әдістерді қолданудың мақсаты балалардың қоршаған ортаға деген қамқорлығын арттыру мен ақыл ойын дамыту.Қоршаған орта туралы теориялық ұғымдарын қалыптастырудың теориялық негідері бар. Әлем балалардыңөміріне біртіндеп енеді, бала ең алдымен оны үйде, сосын балабақшада не қоршап тұрғанын ұғынады. Біртіндеп өмірден алған тәжірибесі ұлғая бастайды, мектеп жасына дейінгі бала өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға құштарлығы арта бастайды. Мектепке дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру- бұл олардың санасына қоршаған орта, табиғат туралы сезілетін тәжірибесіне негізделген шындық тұрғысындағы білім қалыптастыру және оған деген дұрыс қарым қатынасқа тәрбиелеу әдісі.Балалар ересектердің әсері арқылы адамгершілік қарым қатынаста бола отырып қоршаған ортаны, ондағы табиғат құбылыстарын және басқа өмірді тани біледі. Қоршаған ортамен таныстыру барысында кеңістік, уақыты, заттың пішінін, сапасын, салыстырмалы түрде үлкен-кіші, қатты –жұмсақ, сұйық деген ұғымдар қалыптасады. Балаларды қоршаған ортамен таныстыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер тіршілік иелерінің өміріне қажеттілік туғызу және қолдау әдісі балаларға экологиялық тәрбие беру дегі басты әдіс түрі болып саналады -деп сөзін аяқтады.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп алды дайындық тобының тәрбиешісі Л.Ағманова сөз алды. Тәрбиеленушілерге арналған сауықтық бағдарламаға топтағы барлық тәрбиеленушір мен ішінара ата аналар, әжелер қатыстырылды. Әжелер тарапынан қызықты ертегілер оқылып, түрлі мультфильдер көрсетілді. Баланы кітап оқуға баулу, кейіпкердің болмыс-бітімін бойына сіңіру маңызды. Әсіресе ертегінің мән-мазмұнын түсіндіру арқылы ой-өрісін дамытып, дүниетанымын кеңейтуді басшылыққа алған

дұрыс. Сауықтық бағдарламамыздың қонағы Разия әже «Бөбегім» әнін балаларға тарту етті. Балабақшадағы тәрбиеленуші балғындардың әжелерімен байланыс орнатып, әже мен немерені біріктірудің тың тәсілін қолға алуды жөн көрдік. Осындай жолмен балабақшадан бастап балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттыруды мақсат еттік деп сөзін аяқтады.

2.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Ш. Қаныбекова бекітілген күн тәртібіне сәйкес топтардағы жұмыстардың күнделік қадағалануын балабақша мейірбикесі мен әдіскеріненен есеп сұрады, тиісті мамандар сұрақтарға толығымен жауап берді, күн тәртібінің орындалуының өзекті мәселе кенеін айтып, бұл жұмыстың қадағалануы күн тәртібінен түспейтіндігін және оның орындалуына әрбір жауапты мамандардан талап етілетіндігіне тоқталды. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1.Күн тәртібіндегі тыңдалан мәселелер қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Аталған жұмыстар одан ары жағастырылсын.

Меңгеруші:

Р.Ш. Қаныбекова

Хатшы:

Т.М. Сейткеримова

